

Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Мен армандайтын мамандық» тақырыбында сырттай республикалық байқау өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Мен армандайтын мамандық» тақырыбында сырттай өтетін Республикалық байқаудың (бұдан әрі - Байқау) мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – қызмет саласын таңдауда оқушылардың мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне және еңбек нарығындағы талаптарына сәйкес кәсіби өзін-өзі анықтауға жағдай жасау.

Міндеттері:

- балалардың еңбекке деген құндылықты көзқарасын қалыптастыру, адам өмірі мен қоғамдағы рөлін түсіндіру;
- балалардың кәсіби еңбек туралы түсініктерін біртіндеп кеңейту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау 2015 жылғы 10 қаңтар мен 10 наурыз аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың мақсатына, тақырыбы мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы 10 наурызға дейін info.do@list.ru электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172) 249-312, 8(702) 356 51 88.

8. 2015 жылғы 10 наурыздан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды, оларға рецензия берілмейді. Сараптамалық қорытындылар қатысушыларға берілмейді.

10. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

11. Байқаудың ұйымдастырушылары автордың - қатысушының атын көрсете отырып, жұмысты баспасөзде, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

12. Байқауға қатысу үшін - 1 000 (бір мың) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы мақсаты: «Мен армандайтын мамандық» байқауы. Байқау қатысушысының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем құжаты) сканерден өткізіп, info.do@list.ru электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

13. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2015 жылғы 18 наурызда жүргізіледі.

3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар

14. Байқауға 7-17 жастағы білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

кіші жастағы санат: 7-10 жас;

орта жастағы санат: 11-14 жас;

жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

15. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Бейнеролик»

2) «Компьютерлік тұсаукесер»

16. Байқаудың мақсаты мен міндеттеріне сай келетін бір немесе екі номинациядағы жұмыстар қабылданады, бірақ қатысушыдан әр номинацияда бір жұмыстан артық болмауы тиіс.

17. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады:

бейнеролик MPEG-4, AVI форматында (бейнерұқсаттылық: 640x480), бейнероликтің барынша ұзақтығы 5 минуттан аспау керек:

- қатысушылар өздері бейнероликтің жанрын (сұхбат, репортаж, бейнеклип және т.б.) белгілейді.

- бейнероликке міндетті түрде жұмысының атауы, Т.А.Ә., жасы, білім беру ұйымы, аудан (қала/ауыл), облысы, e-mail бар файлды тіркеу керек;

компьютерлік тұсаукесер PowerPoint бағдарламасы бойынша (файлдың көлемі 8МБ, слайд саны 10-нан артық емес) әзірленеді. Тақырыбы көрсетілген номинацияға сәйкес, музыкалық дыбыспен сүйемелденген, слайд шерту арқылы ауыстырылатын болу керек.

18. «Мен армандайтын мамандық» байқауының қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен қатысушылардың үздік жұмыстары www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

19. Жалпы талаптар:

балаларға арналған ғылыми-танымдық сайттағы «Акварель» клубының қауымдастығына («**В Контакте**» әлеуметтік желі арқылы) тіркелу қажет;

басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда: қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністерінің суреттері, адамның немесе бір топ адамдардың кез келген түрде қадір-қасиетін кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

Ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

20. Бағалау критерийлері:

- аталған тақырыпқа жұмыстың сәйкестігі;
- түпкі ойды іске асыру ерекшелігі;
- авторлық позициясының нақтылығы;
- тәсілдің ерекшелігі;
- мазмұндау және жұмысты рәсімдеу сапасы.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын марапаттау

20. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

21. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.